

30 маусым
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

КӨГІЛДІР ОТЫН - АҚШАТАУ МЕН ҚАРАКЕМЕРДІҢ ҚУАНЫШЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ АҚШАТАУ АУЫЛЫНДА ТҰРҒЫНДАР КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШТЫ СӨТТІҢ КҮЕСІ БОЛДЫ. АУЫЛҒА ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛДІ. БҮГІНДЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН ЖАҚСАРТЫП, АУЫЛДАРДЫҢ ДАМУЫНА ЖАҢА СЕРПІН БЕРУДЕ. АҚШАТАУ АУЫЛЫНА ГАЗДЫҢ КЕЛУІ ДЕ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ ҮШІН ҮЛКЕН ҚУАНЫШҚА АЙНАЛДЫ.



Енді тұрғындар үйлерін жылыту мен тұрмыстық қажеттіліктерін анағұрлым қолайлы әрі тиімді жолмен қамтамасыз ете алады. Салтанатты шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев, Ақтөбе облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Серік Дәулетов, ауыл тұрғындары мен ақсақалдар қатысты. Құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімі ел Президентінің тапсырмасына сәйкес халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған инфрақұрылымдық жобалардың жүйегі түрде жүзеге асып жатқанын атап өтті. Сондай-ақ ауылдарды газдандыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді. Өз кезегінде Серік Дәулетов өңірде газдандыру қарқыны жыл сайын артып келе жатқанын айтып, ақшатаулықтарды айтулы

оқиғамен құттықтады. Шара барысында көпшілік асыға күткен тарихи сәт туып, көгілдір отынның алауы жағылды. Ауыл ақсақалдары ақ тілектерін айтып, ел игілігіне арналған бастаманың берекелі болуына баталарын берді. Ауыл ақсақалы Кәрім Қарасаев тұрғындарды қуанышты жаңалықпен құттықтап, елдің ынтымағы мен берекесін тіледі. Мерекелік шара жергілікті өнерпаздардың ән-жырына ұласып, ауыл тұрғындарының шаттыққа толы көңіл күйін одан әрі көтерді.

Ойыл ауданындағы шалғай ауылдардың бірі – Қаракемер елді мекені табиғи газға қосылды. Бұл ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып, көптен бері көтеріліп келген өзекті мәселенің түбегейлі шешілуіне жол ашты. Аудан орталығынан 35 шақырым қашықтықта орналасқан Қара-

кемер ауылында бүгінде 55 аула бар, 311 тұрғын тұрады. Елді мекенде мектеп, медициналық пункт және мәдениет ошағы жұмыс істейді. Осы уақытқа дейін ауыл халқының басым бөлігі үйлерін қи және көмірмен жылытып келген. Алайда көмір бағасының жыл сайын қымбаттауы, оны жазда сақтау және қыс мезгілінде тасымалдаудың қиындығы тұрғындарға едәуір салмақ түсіріп келді. Енді көгілдір отынның келуі бұл түйткілдерді артта қалдырып, ауыл тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер кезеңін бастады. Қаракемердегі қуанышты оқиғаға арналған салтанатты шараға облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Серік Дәулетов пен аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысып, тұрғындарды айтулы жаңалықпен

құттықтады.

«Бұл – мемлекет қолдауының, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі. Халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады», – деді аудан әкімі Асқар Қазыбаев. Қаракемерліктер мәселенің шешімін тапқанына дән риза. Салтанатты рәсім барысында ауыл ақсақалдары бата беріп, ақ жаулықты аналар шашу шашты. Қаракемер ауылының тұрғыны, ақсақал Жолдасқали Оспанов көпшіліктің қуанышын жеткізіп: «Көптен күткен арманымыз орындалып, ауылымыз газбен қамтылды. Бұл – тұрғындардың тұрмысын жеңілдететін үлкен игілік. Мемлекет басшысына алғысымыз шексіз. Ел аман, жұрт тыныш болып, береке-бірлігіміз арта берсін», – деді.

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР

ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ
АУДАН ХАЛҚЫН АСТАНА КҮНІМЕН
ҚҰТТЫҚТАУЫ

ЕЛОРДА КҮНІ

Құтты болсын!



Құрметті ойылдықтар!

Сіздерді еліміздің еңселі мерекелерінің бірі – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Астана – Тәуелсіз Қазақстанның жарқын келбеті, халқымыздың асқақ армандары мен биік мақсаттарының символы. Елордамыз аз ғана уақыт ішінде әлем назарын өзіне аударған заманауи шаһарға айналып, мемлекетіміздің саяси, экономикалық және мәдени орталығы ретінде дамудың даңғыл жолына түсті. Бүгінде Астана – бірліктің, жасампаздықтың және болашаққа деген сенімнің көрінісі. Оның әрбір жетістігінде еліміздің барлық өңірлерінің, соның ішінде біздің аудан тұрғындарының да адал еңбегі мен қажырлы үлесі бар. Ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың арқасында туған өлкеміз де жылдан-жылға көркейіп, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамып келеді.

Біздің басты мақсатымыз – ел Президенті белгілеген стратегиялық міндеттерді жүзеге асырып, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру, жастарға сапалы білім мен тәлім беру, ауылдарымызды көркейтіп, өңіріміздің әлеуетін нығайту. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

Астана күні – елдік пен егемендікті ұлықтайтын, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ерекше мереке. Бұл күн әрқайсымызға Отанға деген сүйіспеншілікті, туған жерге деген құрметті арттырып, ортақ мақсат жолында жұмыла еңбек етуге үндейді.

Қадірменді ағайын!

Осынау айтулы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке мен молшылық тілеймін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман, көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры берік, Астанамыздың абыройы асқақ болғай!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ТАЗАЛЫҚҚА ҮН ҚОСҚАН ЖАСТАР



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздары «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық сарбаздары «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кезекті тазалық жұмыстарын жүргізді. Акция барысында жастар қоғамдық орындар мен көше бойларын қоқыстан тазартып, айналаны абаттандыруға белсене атсалысты. Олар қоршаған ортаның тазалығын сақтаудың маңыздылығын насихаттап, тұрғындарды да туған жердің көркеюіне үлес қосуға шақырды. Экологиялық бастаманың негізгі мақсаты – жастар арасында табиғатқа деген жанашырлық сезімін қалыптастыру, экологиялық мәдениетті арттыру және қоғамда тазалыққа деген жауапкершілікті күшейту. «Жасыл ел» сарбаздары жыл сайын ауданның көркеюі мен көгалдануына өз үлестерін қосып келеді. Бұл жолғы акция да олардың табиғатты қорғау ісіне бейжай қарамайтындықтарын көрсетті. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау, туған жердің тазалығын сақтау – әрбір азаматтың ортақ парызы мен міндеті.

**Газетіміздің келесі саны
8 шілде, сәрсенбі күні шығады**

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ - ЕҢ БИІК МӘРТЕБЕ



23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні мен Қазақстан полициясы күніне арналған салтанатты шара аудандық мәдениет үйінде жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мерекелік кеш мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау саласының қоғам өміріндегі айрықша орны мен жауапкершілігін айшықтайтын мазмұнды бей-

неролик пен әсерлі театрландырылған композициямен ашылды. Жиында аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы құттықтау сөз сөйлеп, ел игілігі жолында адал еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер мен полиция саласының үздік өкілдеріне құрмет көрсетті. Өзісіне жауапкершілікпен қарап, жоғары кәсібилік танытқан

бірқатар азаматтарға марапат табысталды. Кәсіподақ ұйымы тарапынан да қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып жүрген мамандарға алғыс білдіріліп, арнайы сый-құрмет көрсетілді. Қазақстан полициясы күніне орай қоғамдық тәртіп пен ел тыныштығын қамтамасыз

етуге елеулі үлес қосқан тәртіп сақшылары да марапат төрінен көрінді. Олардың халық қауіпсіздігін сақтау жолындағы қажырлы еңбегі ерекше аталып өтті.

Мерекелік шара аясында мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің ант қабылдау рәсімі ұйымдастырылып, жас мамандар Қазақстан Республикасының Конституциясы алдында Отанға адал қызмет етуге серт берді. Кеш соңы ән мен күйге, би мен өнерге ұласқан концерттік бағдарламамен жалғасты. Сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан ардагерлерге құрмет көрсетіліп, естелік сыйлықтар табысталды. Тағылымы мол басқосу ел мүддесіне қызмет етуді өмірлік ұстаным еткен азаматтарға деген зор құрметтің көрінісіне айналып, адал еңбек пен жауапкершіліктің қадірін тағы бір мәрте айшықтады.

Өз тілшіміз.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Әр аптаның сейсенбі күндері Уақыты: Сағ.: 10-00 ден 12-00 ге дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі №43	2-13-70

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ	Туремуратов Маулен Оралұлы	Бөлім басшысы	Шілде айының 15,26 күндері уақыты:сағ.09:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69, 3 қабат, №309 кабинет.	8 (71332) 2-18-80
			Тамыз айының 10,23 күндері уақыты:сағ.09:00 ден -12:00 ге дейін		
			Қыркүйек айының 3,17 күндері уақыты:сағ.09:00 ден -12:00 ге дейін		

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 8(71332) 2-18-80 сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ.

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	М.Тажигалиев	Саралжын ауылдық округі әкімі	Шілде 9, 23 Тамыз 13,27 Қыркүйек 10,24 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Қазақстан селосы – № 11А	74 – 001 Sar_uuil@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ	Асылбаев Ерлан Базарбаевич	Көптоғай ауылдық округінің әкімі	Шілде – 16, 30 Тамыз – 13, 27 Қыркүйек – 10, 24 Уақыты: сағат 10:00-ден 12:30- ға дейін	Көптоғай селосы Мәңгілік ел көшесі №20	74-5-11 Akimat_koptogai@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 8-71-332-74-5-23 номерінде орнатылған.

ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ ЕГІН ЖИНАУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ-ЖОҒАРЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ. ӨЗДЕРІҢІЗ БІЛЕТІНДЕЙ, ӨРТТЕР ЕГІН МЕН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫНА ҮЛКЕН ЗИЯН КЕЛТІРЕДІ.



Өрттің алдын алу үшін келесі талаптарды орындау қажет:

1.Масақты алқаптарды пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль және темір жолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 м жолақ шабылып, жыртылуы тиіс.
2.Дөнді дақылдарды жинау астық алқаптарын ауданы 50 ға аспайтын учаскелерге бөлу-ден басталуы тиіс, учаскелер арасында ені кемінде 8 м шалғылар жасалуы тиіс. Шалғы жолының ортасында ені кемінде 4 м жырту жасалады.
3.Жиналатын астық алқаптарына тікелей жақын жерде өрт болған жағдайда трактор мен соқа дайын болуы қажет.

4.Жинау комбайндарын және жем-шөп жинау машиналарын пайдалану кезінде механикалық және жылу зақымдануы мүмкін жерлерде электр сымдарын бекіту және оларды қорғау сенімділігінің болуын тексеру қажет. Үйкелістің пайда болуын болдырмау үшін айналмалы бөліктердің бекітілуін бақылаңыз, мойынтіректердің қызып кетуіне жол бермеңіз және оларды уақтылы майлаңыз. Жанудың басталуын уақтылы анықтау және сөндіру үшін шаралар қабылдау үшін комбайнды, машинаны және өсіресе олардың ізін жүйелі түрде бақылаңыз.
5.Сабан себетін тросты талшықтармен жұмыс істейтін

тракторлардың ұзындығы кемінде 12 метр Тростар (трактордың сырғасынан сүйреткішке дейін) болуы тиіс.
6.Іштен жану қозғалтқышы бар көлік құралының жүргізушісі ауысымына кемінде 2-3 рет қозғалтқыштың, коллектордың, пайдаланылған газ шығатын құбырдың, ұшқын сөндіргіштің бетін шаңнан, күйіктен тазартуы тиіс;
7.Нан жинау, ірі жем дайындау кезінде қолданылатын өздігінен жүретін шассилер, шөп шапқыштар, тракторлар, автотомобильдер мен комбайндар қозғалтқыштарының шығару құбырлары жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуға тиіс.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

Жер жыртумен айналысатын тракторлар үшін де Ұшқын сөндіргіштердің болуы міндетті, егер бұл жұмыстар жинамаған нан немесе ірі жемшөптері бар учаскелердің жанында егін орумен бір мезгілде жүргізілсе;
8.Пайдаланылған газдардың көмегімен қозғалтқыштардың радиаторларын шаңнан тазарту астық массивтерінен тыс жүргізілуі тиіс.
Қозғалтқыштардың радиаторларындағы шаңды жағу үшін ашық отты қолдануға жол берілмейді;
9.Оралған сабан массасынан битерлерді, сабан толтырғыштарды, транспортерлерді, жинағыштарды, шнектерді және комбайндар мен жинау машиналарының басқа да айналатын бөлшектері мен тараптарын уақтылы тазарту.
10.Өрт шыққан жағдайда егін жинау кезінде:
Астық алқаптарында – отты сөндіруге қолда бар өрт сөндіру құралдарымен, сондай-ақ жанған аумақты топырақпен көму арқылы сөндіреді. Өрттің астық массиві бойынша таралуын шектеу үшін жану аймағын жырту қажет. Жырту орны оттың таралу жылдамдығы мен желдің бағытын ескере отырып таңдалуы керек.

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ЕНДІ ГАЗ ЕСЕПТЕГІШ КӨРСЕТКІШТЕРІН ОНЛАЙН ТҮРДЕ ЖОЛДАУҒА БОЛАДЫ

eGov Mobile мобильді қосымшасында газ есептегіш көрсеткіштерін онлайн түрде жолдауға мүмкіндік беретін жаңа QazaqGaz Aймақ сервисі іске қосылды. Сервис контролерді күтіп, қағаз құжат толтыру қажеттілігін жояды. Қосымша түрде жіберілген көрсеткіштердің дұрыстығын жасанды интеллект тексереді.
Бұған дейін газ есептегіш көрсеткіштерін онлайн тек QazaqGaz Aймақ қосымшасы арқылы жолдауға болатын. Енді бұл мүмкіндік eGov Mobile ішінде қолжетімді, бөлек қосымша орнату-дың қажеті жоқ. Сервис уақытты үнемдеуге және нақты көрсеткіштерге сүйене отырып газ төлемін дәлірек есептеуге мүмкіндік береді. Сервистің негізгі ерекшелігі – көрсеткіштерді жасанды интеллект арқылы автоматты тексеру. Жүйе есептегіштің фотосын енгізілген деректермен салыстырып, сәйкессіздіктерді жібермей тұрып анықтайды. Бұл қолмен енгізу кезіндегі дәлсіздіктерді болдырмайды, пайдаланушыны қате есептеулерден қорғайды және контролер тарапынан қосымша тексеру қажеттілігін азайтады.
Сервисті пайдалану үшін:
* eGov Mobile қосымшасына кіру;
* «Сервистер» бөліміне өтіп, «QazaqGaz Aймақ» сервисін таңдау;
* деректерді ұсынуға келісім беріп, көрсетілген мәліметтерді тексеру;
* жеке шот нөмірін енгізу, жүйе оған тіркелген есептегіштер тізімін көрсетеді;
* қажетті есептегіш бойынша өзекті көрсеткіштерді енгізу;
* әр есептегіштің фотосын жүктеу, жасанды интеллект деректерді салыстырады;
* «Көрсеткіштерді жіберу» батырмасын басу.
Сервиске қосымшаның басты бетіндегі арнайы баннер арқылы да өтуге болады.
Көрсеткіштер ай сайын 25-інен келесі айдың 5-іне дейін қабылданады. Онлайн жолдау қолмен енгізу кезіндегі қателіктерді азайтады, газ тұтынуды дәлірек есепке алуға мүмкіндік береді және деректердің мемлекеттік цифрлық платформа арқылы қауіпсіз берілуін қамтамасыз етеді. Сервис Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және «QazaqGaz Aймақ» АҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Анар МАҒЗУМОВА,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

В EGOV MOBILE ТЕПЕРЬ МОЖНО ПЕРЕДАВАТЬ ПОКАЗАНИЯ ГАЗОВЫХ СЧЕТЧИКОВ ОНЛАЙН

В мобильном приложении eGov Mobile появился новый сервис – QazaqGaz Aймақ, который позволяет пользователям самостоятельно передавать показания приборов учета газа онлайн. Сервис избавляет от необходимости ждать визита контролера и заполнять бумажные документы. Дополнительно достоверность передаваемых показаний помогает обеспечить искусственный интеллект.
Ранее передать показания газового счетчика онлайн можно было только через приложение QazaqGaz Aймақ. Теперь эта функция доступна в eGov Mobile – без необходимости устанавливать дополнительные приложения. Среди преимуществ нового сервиса – экономия времени и более точное начисление платы за газ на основе фактических показаний.
Ключевая особенность сервиса – автоматическая проверка показаний с помощью искусственного интеллекта. Система сопоставляет фотографию счетчика с введенными данными и выявляет возможные расхождения еще до отправки. Это исключает опечатки и ошибки при ручном вводе, защищает пользователя от некорректных начислений и снимает необходимость в дополнительной проверке со стороны контролера.
Чтобы воспользоваться сервисом, пользователю необходимо:
* авторизоваться в мобильном приложении eGov Mobile;
* перейти в раздел «Сервисы» и выбрать «QazaqGaz Aймақ»;
* дать согласие на предоставление данных и проверить отображаемые сведения о пользователе;
* ввести номер лицевого счета, система покажет список прикрепленных к нему приборов учета;
* указать актуальные показания по нужному счетчику;
* приложить фотографию каждого счетчика – искусственный интеллект сверит снимок с введенными показаниями;
* нажать кнопку «Передать показания».
Перейти в сервис можно также через тематический баннер на главной странице приложения.
Показания принимаются с 25-го по 5-е число каждого месяца. Онлайн-передача снижает вероятность ошибок при ручном вводе, делает учет фактического потребления газа более точным и обеспечивает безопасную передачу данных через государственную цифровую платформу.
Сервис реализован благодаря совместной работе Комитета государственных услуг Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития РК, АО «Национальные информационные технологии», Министерства энергетики РК и АО «QazaqGaz Aймақ».

Анар МАҒЗУМОВА,
Департамент корпоративных коммуникаций АО «ННТ».

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

(ҒАЛЫМ ӘНУӘР ДЕРБІСӘЛИННІҢ ӨМІРДЕН ӨТКЕНІНЕ 40 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ)



Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші, белгілі ғалым Әнуәр Жақсығалиұлы Дербісәлин Абай атындағы педагогика институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. 1951-54ж. Қазақ ССР ғылым академиясында аспирант, 1955ж. Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі жайында кандидаттық, 1969ж. «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиетінің даму жолдары» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. 1955-58ж. Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер, 1958-77ж. Қазақ ССР ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, 1977-86ж. осы институттың қазақ әдебиеті тарихы бөлімінің меңгерушісі болды. Демек, ол 30 жыл ғұмырын Абай мен Ы.Алтынсарин шығармашылығын зерттеуге арнады, оларды жинақтады, тереңдете зерттеді. Сонымен қатар қазақ әдебиетінің XV ғасырдан XX ғасырға дейінгі көрнекті өкілдері: Асан Қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Жиенбет, Бұқар, Шал, Көтеш, Абай, Ыбырай, т.б. көптеген сөз зергерлерінің мұрасын зерттеуге айрықша үлес қосты. Ғалым 6 томдық «Қазақ әдебиеті тарихы» академиялық басылымының негізгі авторларының бірі, 300-ден аса ғылыми еңбектері жарық көрген.

Ғалым Ә.Дербісәлин ғылым жолындағы 30 жыл ғұмырын қазақ әдебиетін зерттеуге арнады дедік. Соның ішінде Абай мен Ы. Алтынсариннің шығармашылығына ерекше көңіл бөлді, ғылыми қызметінің өзегі де сол болды.

Абай (1845-1904ж.)—қазақтың ұлы ақыны, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ол-алғашқы классик. Семей қаласындағы мешіт имамы Ахмет Ризаның медресесінде 4 жыл білім алып, қазақ-орыс училищесінде 5 жыл оқыған. Орыс ақын-жазушыларының еңбектерімен танысып, бірқатарымен қазақ тіліне аударған. Әкесі Құнанбай өте діншіл адам болған.

Мұсылман дінінің ықпалын күшейтуге тырысқан, ол намаз, ораза, зекет сияқты шарттарды күштеп міндеттеген. Орыс шенеуніктеріне арқа сүйеп, халыққа қатігез, Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болған. 1870ж. Абайды Тобықты руындағы Қоңыр Көкше өліне болыстыққа тағайындапқан. Екі жылдан кейін Абай болыстықтан бас тартып, халықтың мұңын

жоқтап, шығармашылыққа мойын бұрған. Абай орыс ақындары Пушкин, Есенинмен, украин ақыны Хмельницкиймен, азербайжан ақыны Хафизбен, түрікмен ақыны Мақтымқұлымен, тәжік ақыны Руданимен, өзбек ақыны Науаимен, қырғыз ақыны Тоқамбаевпен иығы тең, кейбіреуінен бір саты жоғары тұрған ұлы ақын.

Абайдың «Өлең шіркін өсекші, елге жаяр» -дегеніндей ақындар іштегі арманын, дертін, күйіншіні, ғашықтық т.б сезімдерін өлеңмен шығарады да, ол елге жария болады. Абайдың өзі де - сондай лирик, сезімтал ақын болған. Абайды өз заманы түсінбеді, қолдамады. Олар оған қол тигізді, жұдырық жұмсады, намысын таптады, қорлады. Абайдың бірнеше өлеңіне назар аударсақ:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да.

Дүниеде сенен артық маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да, -деп қолы жете алмай қалған ғашығы Тоғжанды армандады. Сондай-ақ:

Атадан алтау, анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Жартасқа бардым, күнде ай-қай салдым,
Сөзімді ұғар бір жан жоқ.
Моласындай бақсының,
Жалғыз қалдым, нақ шын-ым,- деп күңірөнді.

Абайдың мұңы, Абайдың зары- халықтың, ұлттың зар-мұңы.

Бірінді қазақ бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос,- деп үйретті. Сол сияқты:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
-деп 5 жаман мен Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой деген 5 жақсысы да 150 жыл өтсе де, өзектігін, ғибратын жойған жоқ.

Абайдың 3 поэма, 45 қара сөзі мен 177 өлеңін түгендеп ғалым Ә.Дербісәлин терең зерттеп, насихаттады. Абайды әлемге танытқан М.Әуезов, М.Әуезовті әлемге танытқан Абай десек, Ы.Алтынсаринды жете зерттеп, даңқын асыруға үлес қосқан Әнуар, ал Әнуарды көрнекті ғалым еткен Ы.Алтынсариннің шығармашылығы деуге болады.

1891 жылдан бастап Абайдың басына біріне-бірі ұласқан бірнеше қайғы түседі.

Сол жылы інісі Оспан өледі. 1895ж. орысша жоғары әскери білімі бар, армияда офицерлік қызметте жүрген баласы Әбіш өледі. 1904 ж. және бір баласы талантты ақын Маға-

уия өмірден өтеді. Осындай қабаттасқан қайғы-қасіреттен күрт сынған Абай Мағауиядан 40 күн кейін өзі дүние салды.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) – Қостанай өңірінің тумасы, ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы. Жастай ата-анасынан жетім қалып, атасы Балғожа бидің тәрбиесінде болған. Атасы оны 1850 жылы Орынбордағы қазақ балалары үшін ашылған жеті жылдық мектепке береді. Оны бітірген соң атасы Балғожа бидің писары, кейіннен облыстық басқармада тілмаштық қызмет жасаған. 1860ж. облыстық басқарма Торғайда қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға тағайындайды. Осыдан былай Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі басталады. Алғашқы мектеп 1864 жылы ашылды. 1868-1875ж. Орынбор генерал-губернаторының тапсыруы бойынша төрт рет Торғай уезінің судьясы болған. Содан кейін біржола инспекторлық қызметке ауысады. Бұл ұзақ уақыт (1876-89ж.) жылдарда К.И.Ильминскийдің, В.В. Катаринскийдің басшылығымен қызмет жасаған. Николай Иванович Ильминский (1822-1892ж.)- Қазан дін академиясын бітірген миссионер, педагог ағартушы. Кейіннен Қазан университетінің профессоры, 1851-54ж. Сирияда, Пакистанда, Египетте болып, араб тілін меңгерген. 1858 жылдан Орынбор шекара комиссиясында жұмыс істеген. Патша үкіметі бұратана халықтарға (татар, чуваш, башқұрт, қазақ) оқу-ісін жүргізуде Н.Ильминскийдің «педагогикалық жүйесін» қолданып, оларды православие дініне жақындастыру үшін түрлі «психологиялық тәсілдер» пайдаланды. Оған Ы.Алтынсарин ашық қарсы шықпағанмен іштей күресе жүріп, қазақ хрестоматиясын жазып, мұсылмандық дініне басымдық берді. Намазда оқылатын 10 сүрені, «мұхтасарда» жинақталған 20 сүрені қазақшаға аударып, 400-дей араб сөздеріне түсініктеме берді.

Катаринский Василий Владимирович (1846-1902ж.) Орынбор округіндегі татар, башқұрт, қазақ мектептері жөніндегі инспектор болғаннан кейін Ы.Алтынсарин оған арқа сүйеді, өз кезегінде В.Катаринский де Ыбырайды қолдады, үнемі көмектесті. Нәтижесінде мектептер ашу тапсырылған Қостанай, Елек, Торғай, Ырғыз уездерінде екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашты. 1888ж. Орскіде бастауыш мектептер үшін ұстаздар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды. Өмірінің соңғы жылдарында қыздар училищесін ашуға көп күш салды. Соның нәтижесінде 1891ж. Торғайда, 1893ж. Қостанайда, 1895ж. Қарабұтақта, 1896ж. Ақтөбеде жанында интернаттары бар қыздар училищесі ашылды. Ы.Алтынсарин қазақ халқы алдында алғашқы білім шамын жағып, халықты жарық дүниеге қарай бастап, осы жолға бар өмірін сарп етті.

Бір Аллаға сыйынып, кел-, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық деген жолдарының атеистік заманда бірінші жолын алып тастап, «Кел, балалар, оқылық» шақыру девизін мектептер әлі де насихат ретінде пайдалануда. Өз денсаулығына көңіл бөлмей, басшылармен, қарсыластармен күресе жүріп, қысқы суыққа, көктемгі-күзгі лайсапарда ел кезіп, қауырт жұмыс жасағандықтан өкпе ауруына ұшырап, 1889ж. бар болғаны 48 жасында өмірден өтті.

Абайша айтсақ: «Соқтықпалы, соқпақты жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысты». Бұған ең алдымен қазақ қоғамының сол кездегі төмен дәреже деңгейі, мәдени-экономикалық мешеулігі кінәлі еді. Ол өзінің халық ағарту, мәдениет, әдебиет, тіл саласында жаңа бағыт туғызып, негізін қалаған жанқияр еңбегімен халқының тарихында, мәдениетінде, санасында ұсынса қол жетпейтін ескерткіш жасап қалдырды. Ұстаздардың ұстазы атанды. Жоғарыда жазылғандар Әнуар ағаның Абайды, Ыбырайды жете зерттеуінің теңізіндегі тамшыдай ғана бір парасы.

1977ж. ақпан айында ғалымның әкесі Жақсығали Дербісәлин (1910ж.т.) кенеттен өмірден өтті. Оған Алматыдан отбасымен Әнуар келді. Күзетінде бір түн бірге болдым. Үш күннен кейін Алматыда Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент –мүшелігіне сайлау өтуге тиіс, соған ғалымның кандидатурасы да түспек. Осыған байланысты әкесінің жерлеуіне қатыспай, анасы Қатыш, апасы Дәржан мен туыстарының рұхсатымен Алматыға жүретін болды. Мен ол кезде «Саралжын» совхозының директорымын. Әнуар аға: «ал, директор інім, мені Ақтөбеге пойызға жеткіз», -деп өтінді. Менің де Ақтөбеде бір жыйынға қатысуым керек еді. Ерtesіне жездесі Жуас ақсақал екеуміз Ақтөбеге жеткізіп, поезға шығарып салдық.

«Бұл дүниенің күштілерімен күресуге әлім келмей, мен енді қарсыласуды қойдым», -деп түңілген кездері болған Ыбырай сияқты Әнуар ағаның да күйзелген, түңілген сәттері аз болған жоқ. Әсіресе 1977-83 жылдар аралығында Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент мүшелігіне сайланар кездерінде жершілдік, рушылдық салдарынан дауыстарды бұрмалаушылық аса қатты қынжылтты. Әнуардың достары да, жақтастары да болды, дегенмен қарсыластары одан да көп болды. 1977 жылы сайлауда санақ комиссиясында болған оқымыстылардың бірі оның өткенін, бірақ нәтижесін белгісіз жағдайда өзгергенін айтқан. Бұл күйзеліс алты жылға созылды. Корреспондент мүшелікке тек 1983 жылы сайланды. Сол күйзеліс күреске шыдас бермей жүрегі кенет тоқтап,1986 жылы өмірден өтті. Абзал ағаның жаны Жән-нәтта нұрлансын. «Орны бар оңалар», - дегендей зайыбы Ақзйба, ұлдары, қыздары, немерелері мен жиендері ғалымның тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатты,70, 80, 90 жылдығына орай ас берді, түрлі спорт жарыстарын өткізді, мектеп танымдық конференциялар өткізді. 1991 ж. жерлестерінің өтінішімен Саралжын орта мектебіне Әнуар Дербісәлин аты берілді. Ғалымның атына лайық бұл мектеп - ауданда алдыңғы қатарлы оқу орны. Бұл мектептен физика-математика, медицина ғылымдарының докторлары: Ә.Дербісәлин, Қ.Шүңкеев, Б.Жақиев, Б.Омарова, физика-математика, педагогика, биология, техника ғылымдарының кандидаттары: М.Жолдыбаев, А.Қазбекова, Ш.Бағытжанова, Ө.Сариев шықты. Аудандағы бірде-бір мектептен осындағы ғалымдар шықпаған. Келесі 2027 жылы бұл мектептің ашылғанына 100 жыл, ғалым ағаның туғанына 2029 жылы 100 жыл толады. Ол мерекелерді де мектебі мен жерлестерді лайықты атап өтеді деп сенемін.

Жақсылық БИСАЛИЕВ,
Ойыл ауданының Құрметті Азаматы.

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

БРУЦЕЛЛЕЗ – АДАМ МЕН ЖАНУАРЛАРҒА ОРТАҚ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. ОНЫ BRUCELLA БАКТЕРИЯЛАРЫ ҚОЗДЫРАДЫ. АУРУ КӨБІНЕСЕ ІРІ ҚАРА МАЛ, ҚОЙ, ЕШКІ, ШОШҚА ЖӘНЕ ТҮЙЕ АРҚЫЛЫ ТАРАЛАДЫ. БРУЦЕЛЛЕЗ ӨЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕДІ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ӨНІРЛЕРДЕ ЖИІ БАЙҚАЛАДЫ.

Аурудың жұғу жолдары
Бруцеллез адамға бірнеше жолмен жұғады: Ауру малдың сүтін қайнатпай ішу; Шикі немесе жеткілікті өңделмеген ет өнімдерін тұтыну; Ауру малды күту, сою немесе төлдету кезінде тері арқылы жұқтыру; Сирек жағдайда ауа-тамшы жолымен жұғуы мүмкін.

Мал дәрігерлері, фермерлер, малшылар және ет өңдеу кәсіпорындарының қызметкерлері ауруды жұқтыру қаупі жоғары топқа жатады. Белгілері Бруцеллездің жасырын кезеңі әдетте 1–4 аптаға созылады.

Негізгі белгілері: Дене қызуының көтерілуі; Қалтырау; «Қатты терлеу, әсіресе түнде; Өлсіздік пен тез шаршау; Бас ауруы; Бұлшықет пен буындардың ауыруы; Тәбеттің төмендеуі. Егер ауру дер кезінде емделмесе, созылмалы түрге ауысып, буындарды, жүйке жүйесін және басқа мүшелерді зақымдауы мүмкін. Диагностикасы Бруцеллезді анықтау үшін дәрігер науқастың шағымдарын, ауру та-

рихын зерттеп, зертханалық талдаулар жүргізеді.

Қан талдауы мен арнайы серологиялық зерттеулер арқылы қоздырғышқа қарсы антиденелер анықталады. Емі Бруцеллез антибиотиктермен емделеді. Емдеу курсың дәрігер тағайындайды және оны толық аяқтау өте маңызды. Өздігінен емделу немесе емді ерте тоқтату аурудың қайта асқынуына әкелуі мүмкін.

Алдын алу шаралары
Бруцеллездің алдын алу үшін: Сүтті міндетті түрде қайнатып ішу; Ет өнімдерін толық пісіру; Малмен жұмыс істегенде қолғап пен қорғаныш киімдерін пайдалану. Малдарды уақытылы ветеринариялық тексеруден өткізу. Ауру малдарды оқшаулау қажет. Бруцеллез – адам денсаулығына елеулі қауіп төндіретін жұқпалы ауру. Оның алдын алу үшін жеке гигиенаны сақтау, мал өнімдерін дұрыс өңдеу және ветеринариялық бақылауды күшейту маңызды. Ауру белгілері байқалған жағдайда дереу дәрігерге қаралу қажет.

ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ – ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ

КҮЙДІРГІ - МАЛДАН АДАМҒА ЖҰҒАТЫН ҚАУІПТІ ДЕРТ

Күйдіргі ауруы зооноозды аса қауіпті инфекция, оның қоздырғышы қоршаған ортаға түскенде спораға айналу қасиеті бар. Споралар сыртқы ортада өте төзімді, мысалы топырақта ондаған жылдар бойы сақталады, сол себепті күйдіргі ауруын толығымен жою қиынға түсуде. Күйдіргі ауруы адамдар арасында көбінесе ауылшаруашылық және үй жануарлары (қой, ешкі, жылқы, ірі-қара малдар, ит, мысық), сонымен қатар жабайы аңдар арқылы таралады. Ауру қоздырғышы сыртқы ортадан әсіресе жаз уақыттарында, қуаңшылық кездерде, мал жайылғанда топырақ арқылы ағзасына түседі де, ауру туғызады.Адамдар ауру малмен тікелей қатынаста болған кезде яғни малды сойғанда, терісін сыпырғанда және ондай малды тасымалдау кезінде, ауруды жұқтырады және де ауру малдың айналасындағы топырақтан, жем, шөптен, жұғуы мүмкін.

Күйдіргі ауруының адам ағзасында таралуына байланысты терілік түрі, өкпелік түрі, ішектік түрі және септикалық түрі болып бөлінеді. Өкпе және ішек күйдіргісі ауыр өтеді және адам өліміне әкелуі мүмкін, оның қауіптілігі де осы түрлеріне байланысты. Инкубациялық кезең (қоздырғыш өнген сәттен, алғашқы ауру белгісі білінетін мерзім) 8-14 күнге дейін созылуы мүмкін, көбінесе 2-3 күнде ауру белгілері біліне бастайды. Тіркелген аурулардың өте жиі кездесетін түрі бұл, тері күйдіргісі. Қоздырғыштың жұққан жерінде күйдіргі ауруына тән жара пайда болады.

Инфекция жұққан жерде алдымен дақ (папула), содан кейін іші сұйыққа толы бөртпе (везикула) пайда болады. Содан ол жараға айналып, айналасына екінші қатар іші сұйыққа тола бөртпе пайда болады. Бұны осы инфекцияға тән «Ожерелье» деп атайды. Жараның ортасы қара күйік тәрізді қотырланып (күй-

діргі деп аталуы сондықтан), шеттері қызарып, іседі, бірақ басқан кезде ауырмайды.

Бұл белгілердің пайда болуы мен қатар, ауырған адамның дене қызуы көтеріледі, ағзаның жалпы улану белгілі байқалады. Тез арада ем қабылдамаған жағдайда арты сепсиске айналып қайғылы аяқталуы мүмкін. Күйдіргі ауруының алдын алуда жұмыстарын ұйымдастыру барысында ветеринарлық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық шаралардың толығымен жүргізілуін қамтамасыз етуі қажет.

Ветеринарлық қызметкерлер, күйдіргі ауруымен ауырған малдарды дер кезінде анықтап, өлген малдың арнайы мал қорымына көмілуін, ауырған малдың тұрған жерін залалсыздандыру жұмыстарының дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етуі қажет.Індеттің табиғи ошақтарындағы малдарға жылда вакцина егу қажет және арнайы мал қорымдары ветеринарлық-санитарлық ережелер талаптарына сай болуы керек.

Күйдіргі ауруымен ауырған малдар тіркелген жағдайда, ошақта барлық құзырлы мекемелер кешенді түрде шұғыл эпидемияға қарсы шараларды жүзеге асырады, яғни ауру малдың өнімдері толығымен жойылады, ошақта қорытынды залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Ауырған малмен қарым-қатынаста болған адамдар медициналық бақылауға алынады. Мал шаруашылығымен айналысатын азаматтар өздерінің жеке-бас гигиенасын сақтап, арнайы жұмыс киімін киетін болса және ауырған немесе белгісіз себеппен өлген мал туралы міндетті түрде мал дәрігерлеріне уақытылы хабарап отырса аурудың алдын алуға болады.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Ойыл Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 956 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.
--	--	--

МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫНДА БЮДЖЕТ ПЕН САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ҚАРАЛДЫ

КЕШЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИННИҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ОТЫЗ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. СЕССИЯ ЖҰМЫСЫНА АУДАН ӨКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, АУДАН ӨКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, ТИІСТІ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Сонымен қатар ауылдық округтерден сайланған депутаттар мен ауылдық округ әкімдері Zoom платформасы арқылы онлайн форматта байланысқа шығып, отырысқа қашықтан қатысты. Жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселелер күн тәртібіне шығарылды. Атап айтқанда, Ойыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №294 «2026–2028 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қаралды. Бұл бағытта аудан-

дық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов тиісті хабарлама жасап, бюджет параметрлерін нақтылау және бөлінген қаражатты тиімді пайдалану мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар, Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №107 «Ойыл ауданындағы учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі де күн тәртібінде қаралды. Аталған мәселе бойынша аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы Алмат Мусин баяндама жасап, комиссия құра-

мына енгізілетін өзгерістердің құқықтық негіздерін түсіндірді. Сессия барысында депутаттар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Талқылау қорытындысы бойынша тиісті шешімдер қабылданып, оларды жүзеге асыру бағыттары нақтыланды. Жиын соңында қаралған мәселелер бойынша қабылданған шешімдерге қорытындыны аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жасап, олардың ауданның дамуына және жергілікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

«АҚЫЛДЫ ТОPIQ»



Қолыма планшет аламын, Мен енді үлкен баламын! TopIQ-ге кіргенде, Жап-жарық болар жанарым.

Кітаптар сыйып бетіне, Қызық толды ретіне. Қатты жақсы көремін, Қарап тұрып суретіне!

Өріптерді үйретеді, Суреттері билетеді. Тапсырманы орындасам, «Жарайсың!» деп сөйлетеді.

Кітап оқып, сан санаймын, Енді артта қалмаймын. *TopIQ*-мен дос болып, Тек «бестікті» таңдаймын!

Гүлдана АМАНГЕЛДІ, Саға мектеп-балабақшасының 1-сынып оқушысы.

ӨЗ ІСІНІН ШЕБЕРІ

ҰСТАЗ – БІЛІМ БЕРІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОҚУШЫНЫҢ ҚАБІЛЕТІН ДАМУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН МАМАН. ОСЫНДАЙ ҰСТАЗДАРДЫҢ БІРІ – АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ОЙЫЛ АУДАНЫ, АҚКЕМЕР СЕЛОСЫНДАҒЫ ЖАМБЫЛ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ОРЫС ТІЛІ МЕН ӨДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МҒАЛІМІ ҚАДЫРОВА БИБІГҮЛ АМАНЖОЛҚЫЗЫ.



Бибігүл Қадырова — 1976 жылы 25 ақпанда Ойыл селосында дүниеге келген. 1983 жылы Ойыл орыс мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 1993 жылы осы мектепті бітірді. 1995 жылдан бастап Ақкемер селосындағы Жамбыл орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Содан бері осы білім ордасында ұстаздық қызмет атқарып келеді. 1999 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық университетіне сырттай оқуға түсіп, 2004 жылы филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бітірді. Қазіргі таңда біліктілігі мен тәжірибесін ұштастырған зерттеуші санатындағы педагог. Ұстаз өз жұмысында оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және білім сапасын көтеруге бағытталған жұмыстар жүргізеді.

1996 жылдан бері сынып жетекші қызметін атқарып, бірнеше буын оқушыға жетекшілік жасады. Сонымен қатар, отбасында бес бала тәрбиелеп өсіріп, немере сүйіп отырған ана. Бибігүл Қадырованың кәсіби жетістіктері қатарында 2024 жылғы облыстық пәндік олимпиададағы I дәрежелі дипломы, 2025 жылғы II дәрежелі дипломы бар. Сондай-ақ, аудандық «Лучший авторский диктант» байқауында 2024 және 2025 жылдары II орын иеленді. «Методического мастерства» (үздік КСП) конкурсында 2024–2025 жылдары III орын алды. 2025 жылы «Казахстан в строках судьбы» облыстық байқауында алғыс хатпен марапатталды. 2026 жылы қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша облыстық педагогикалық олимпиадада II дәрежелі диплом иегері атанды. Ұстаз еңбегінің нәтижесі – шәкірт жетістігі. Бибігүл Қадырованың оқушылары түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. Қадырова Бибігүл Аманжолқызы – өз пәнін жетік меңгерген, тәжірибесі мол ұстаз. Ол оқушыларға білім беріп қана қоймай, олардың ізденуіне, өз қабілеттерін дамытуына бағыт-бағдар беріп келеді. **Қалиса ИЗИМОВА, Жамбыл мектеп-балабақшасының бастауыш кесіподақ төрағасы.**

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ПЕН ТУРИЗМДІ ДАМУҒА МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ОБЛЫС ӨКІМІ АСХАТ ШАХАРОВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ МЕЙРАМБЕК МАХАМБЕТОВ ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ АМАНГЕЛДІ АУЫЛЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ.



Сапар барысында ауыл тұрғыны Алтай Жалмұханов ауылдағы спортты дамыту және тиісті жағдай жасау мәселесін көтерді. Ауылдың жалпы халқы шамамен 750 адамды құрайды, ал орта мектептің биыл 148 оқушы аяқтаған. Орта мектептің спорт залының жағдайы жақсы екені атап өтілді. Осыған байланысты бұқаралық спортты дамыту мақсатында ауданнан жаттықтырушы жіберіп, спорттық секцияларды ашу жоспарлануда. Сондай-ақ жұмыс сапары барысында Ойыл аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің қызметі мен инфрақұрылымының жай-күйі зерделенді. Аудан жастарын спортқа тарту және спорттық нысандарды дамыту бағытындағы мүмкіндіктер қаралды.

Бұдан әрі XIX ғасырдан сақталған, мемлекет қорғауындағы «Керуен-сарай» тарихи-архитектуралық кешенімен танысу жүргізілді. Кешен аумағында көне мешіт орны, тарихи құрылыс іздері және көне қоныс белгілері сақталған. Бұл ескерткіш өңірдің тарихи-мәдени мұрасын дәріптеп қана қоймай, ішкі туризмді дамытуға және туристік әлеуетті арттыруға ықпал етеді. Жұмыс сапары барысында Ойыл ауданының спорт инфрақұрылымының қазіргі жай-күйі зерделеніп, ауылдық жерлерде бұқаралық спортты дамыту жолдары талқыланды. Сондай-ақ өңірдегі туризмді дамытуға мүмкіндік беретін тарихи және мәдени орындардың әлеуетіне назар аударылды.

ШЕГІРТКЕ ЗИЯНКЕСТЕРІНЕ ҚАРСЫ КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА

ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, АУДАН АУМАҒЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫН ЗИЯНКЕСТЕРДЕН ҚОРҒАУ, ЕГІН АЛҚАПТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ШЕГІРТКЕ ЗИЯНКЕСТЕРІНЕ ҚАРСЫ МОНИТОРИНГТІК ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖОСПАРҒА СӨЙКЕС ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.



Аудан үшін биылғы жылы шегіртке зиянкестерінің таралу қаупі ерекше бақылауға алынған. Соның ішінде италиялық шегіртке бойынша болжам 50 063 гектарды құрап отыр. Осыған байланысты мониторингтік

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде 47 140 гектар алқапта италиялық шегірткенің шоғырлануы анықталып, бұл жерлерге химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі белгіленді. Бүгінгі күнге дейін оның 45 926 гектарында за-

ның алдын алып, ауыл шаруашылығы дақылдарының

тар алқап толықтай өңделіп, химиялық залалсыздандыру жұмыстары аяқталды. Шегірткеге қарсы күрес жұмыстарына барлығы 18 маман мен қызметкер жұмылдырылған. Оның ішінде республикалық мониторинг орталығынан 9 маман, Ойыл аудандық аумақтық инспекциясынан 2 маман және ауылдық округтерден 7 әкімшілік өкіл қатысуда. Жұмыстардың тиімді әрі жедел жүргізілуі үшін қажетті техникалық құралдар да толық тартылған. Атап айтқанда, 4 дана УАЗ-УМО автокөлігі, 1 дана дрон, 1 АН-2 ұшағы, 2 ГАРД автокөлігі және 1 ГАРД КамАЗ техникасы пайдаланылуда. Жалпы алғанда, аудан аумағында шегірткеге қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстар жоспарға сәйкес тұрақты



зақымдануын азайтуға мүмкіндік береді. Уақытылы жүргізілген өңдеу жұмыстары егіннің өнімділігін сақтап қалуда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ аудан аумағында саяқ шегірткесіне қатысты да тиісті жұмыстар атқарылуда. Саяқ шегірткесі бойынша биылғы болжам 15 780 гектарды құрап отыр. Бұл бағытта мониторингтік зерттеу жоспары 22 700 гектарға белгіленген. Қазіргі таңда анықталған 15 780 гек-

бақылауда. Барлық шаралар үйлесімді түрде атқарылып, зиянкестердің таралуына жол бермеу бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілуде. Алдағы уақытта да мониторингтік зерттеу және залалсыздандыру жұмыстары жалғасып, аудан аумағында фитосанитариялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шаралар толық орындалатын болады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.



зерттеу жұмыстары 150 000 гектар аумақты қамту жоспарымен ұйымдастырылған. Қазіргі таңда жоспарланған аумақтың 142 900 гектары толық зерттеліп, тиісті зерделеу жұмыстары жүргізілді.

лалсыздандыру жұмыстары толық орындалды. Қалған аумақтар бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасуда. Мамандардың айтуынша, мұндай кешенді шаралар зиянкестердің жаппай таралуы-